



БҰЙРЫҚ

2024 ж. 07. 09

Шахтинск қаласы

ПРИКАЗ

№ 65

город Шахтинск

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру мен аталмыш мекемеде ішкі тәртіптік қағидаларының бұзушылығын болдырмау мақсатында және Қарағанды облысы білім басқармасының 2020 жылғы 26 тамыздағы №260 бұйрығын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жөндеу жүргізу, жиһаз, құрал –жабдық сатып алу, нысандарды тазалау, оқытушылар құрамына сыйлықтар, аттестациялар, мерекелік іс-шараларды өткізу және тағы басқа да мақсаттар үшін мәжбүрлі түрде қаражат жинауға тиым салынсын.

2. Мектеп – интернат ішінде:

- кітап сатуға, көңіл көтеретін мерекелерге билет сатуға;
- концерттік бағдарламаларды өткізуге шақырылған әріптестердің қызмет көрсетуіне ақша жинауға;
- мерекелік күндері оқушыларға сыйлықтар мен жүлделерді сатып алуға ата-аналар мен оқушылардан қаражат жинауға;
- мерекелік күндерге білім беру ұйымдарын безендіру үшін ақша жинауға;

-бюджеттен қаржыландырылмайтын байқаулар мен интеллектуалдық ойындарға оқушылардың қатысуы үшін ата-аналардан төлемақы жинауға жол бермеу үшін ықпалды шара қолдансын.

3. Тәрбиелеу жұмысын орындау аясында оқушылар мен тәрбиеленушілердің мәдени-көпшілік шараларға қатысуы үшін қаражат жинау тек ерікті түрде жүргізілсін және мұғалімдердің қатысуынсыз өткізілсін (театрларға, көрмелерге, и мұражайларға қатысу);

4. Мектеп қажеттіліктері үшін қаражатты заңсыз жинау мәселесі бойынша педагогикалық ұжымдар мен ата-аналар комитеті мүшелерінің арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

5. Ата-аналардан заңсыз ақша жинаған мұғалімдер мен тәрбиешілерге тиісті шара қолданылсын.

6. Бұйрықты орындауға жауапты болып директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Минасипова және директордың тәрбие ісі бойынша орынбасары Г.А. Казаковаға міндеттелсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Б.Сыздықбаева